

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімге хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 345 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімге хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Марат Мұханбетқазыұлы Тәжин 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың визасыз жол жүрулері туралы келісімге хаттамаға қол қойсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.02.16. N 149 (2007 жылғы 27 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімге хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 10 маусымда Алматыда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімнің 7-бабына сәйкес төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасасты:

1-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуге, одан кетуге, транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және онда болуына құқық беретін, жеке басын куәландыратын және құжат иелерінің азаматтығын растайтын құжаттарға осы Хаттаманың 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген құжаттар жатады.

Осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Келісімге 1 және 2-қосымшаларды осы Хаттамаға 1 және 2-қосымшалар алмастырады.

2-бап

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы " ____ " _____ Баку қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

ӘЗІРБАЙЖАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ ҮШІН

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан
Республикасы азаматтарының визасыз жол
жүрулері туралы келісімге хаттамаға
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы азаматтарының Әзірбайжан
Республикасының аумағына келу, одан кету, транзитпен жол жүру,
онда болу және жүріп-тұру құжаттарының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.

4. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде теңізшінің жеке басын куәландыратын құжат).

5. Қазақстан Республикасына қайтып оралуға арналған куәлік (тек қана Қазақстан Республикасына қайту үшін).

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан

Республикасының Үкіметі арасындағы
Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан
Республикасы азаматтарының визасыз жол
жүрулері туралы келісімге хаттамаға
2-қосымша

**Әзірбайжан Республикасы азаматтарының Қазақстан
Республикасының аумағына келу, одан кету, транзитпен
жол жүру, онда болу және жүріп-тұру құжаттарының тізбесі**

1. Жалпы азаматтық паспорт.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің кітапшасы (кеме журналында жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде теңізшінің жеке басын куәландыратын құжат).
5. Әзірбайжан Республикасына қайтып оралуға арналған куәлік (тек қана Әзірбайжан Республикасына қайту үшін).